

В.М.Березжков

9:327

545

# ПОТСДАМҒА жеткізген жол



АЛМАТЫ  
«ҚАЗАҚСТАН»  
1982

**Бережков В. М.**

**Б 44** Потсдамға жеткізген жол.— Алматы: Қазақстан, 1982.— 284 бет.

Бұл кітапта белгілі халықаралық журналист екінші дүние жүзілік соғыстың дипломатиялық тарихы туралы жұмыстарын жарыққа шығаруды жалғастырады.


Кітаптың мазмұны 1943 жылғы Тегеран конференциясынан бастап, антигитлерлік коалицияның ұлы державалары басшыларының 1945 жылдың жазында Потсдамда кездесуіне дейінгі кезенді қамтиды. Бұл жұмыс тек документті деректер мен осы оқиғаларға қатысушылардың мемуарларына ғана емес, сондай-ақ совет делегациясы құрамында халықаралық конференцияларға қатысқан автордың өз естеліктері мен заметкаларына негізделген.

66.4(0)+63.3(0)62+63.3(2)722.12

Б  $\frac{0801000000-126}{401(07)-82}$  46.81

© «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ», 1979 г

© «ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ 1982 ж.



## **ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ ЖЫЛДЫҢ ҚАРСАҢЫНДА**

1943 жылдың соңғы айында Москвада жұрттың көңіл күйі көтеріңкі еді. Ол үшін себептер де аз емес-тін. Жауды біржолата жеңуге деген сенім күшейе түсті. Рас, сонау Мұзды мұхиттан Қара теңізге дейінгі ұшы-қиырсыз кеңістікке созылған совет-герман майданының әр алуан учаскелерінде бұрынғысынша ауыр ұрыстар жүріп жатты. Совет жерін басқыншылардан босатып, Еуропаның нацистер құлдыққа салған халықтарын азат ету басталғанға дейін орасан көп күш-жігер жұмсау керек болатынын жұрттың бәрі де жақсы түсінді. Алайда, соғыста инициатива батысқа қарай батыл қарыштап бара жатқан Қызыл Армияның қолына біржола көшті деген сезімнің өзі-ақ совет жауынгерлері мен тыл еңбеккерлерінің күш-жігерін молайта түсті.

Біздің одақтастарымыз шайқасып жатқан соғыс қимылдары майдандарынан да жанды жадыратар жақсы хабарлар келіп жатты. Олардың Италиядағы, Эль-Аламейн түбіндегі, Тунис маңындағы және басқа майдандардағы жеңістері ол жақта да соғыс сәтінің гитлерлік Германия мен оның қолжаулықтарынан теріс айналғанының айқын айғағы болды.

Үш ұлы державаның басшылары — И. В. Сталиннің, Ф. Рузвельттің, У. Черчилльдің жаңа ғана аяқталған Тегеран конференциясында қабылдаған шешімдері одақтастардың бірлігін, олардың соғыс мерзімін қысқартуға, жауға күйрете соққы беруге берік бел байлағанын паш етті. Қалың бұқараға кеңінен мәлім болған Тегеран декларациясы бостандық сүйгіш халықтарды жаңа ерліктерге жігерлендірді. «Біз шығыстан, батыстан, оңтүстік-

тен ұйымдастырылатын қимылдардың көлемі мен мерзімдері жөнінде толық келісімге келдік,— делінген үш державаның Декларациясында —...Біздің герман әскерлерін құрылықта, олардың сүңгуір қайықтарын теңізде жоюымызға, олардың әскери заводтарын әуеден қиратуымызға дүние жүзінде ешқандай күш кедергі жасай алмайды.

Біздің шабуылымыз аяусыз болады әрі үдеген үстіңс үдей түседі...»

«Біз өз елдеріміздің соғыс кезінде де, одан кейінгі бейбіт уақытта да бірлесе отырып жұмыс істейтіндігіне берік бел байлағандығын білдіреміз... Біз мұнда үмітпен, батыл бел байлап келіп отырмыз. Бұл жерден біз рухани жағынан да, мақсат жағынан да шын достар болып аттанамыз»<sup>1</sup>. «Үлкен үштік» өздері қабылдаған шешімдердің мәнін осылай баяндады.

Тегеран кездесуінің қорытындыларын бостандық сүйгіш бүкіл адамзат, ең алдымен Совет Одағының, Құрама Штаттардың, Великобританияның халықтары жоғары бағалады. Совет үкіметінің басшысы Москваға қайтып келгеннен кейін АҚШ президентінен телеграмма алды, онда былай делінген: «Мен конференция мейлінше табысты өтті деп санаймын және ол біздің бірлесіп соғыс жүргізуге ғана емес, сондай-ақ келешек бейбітшілік ісі үшін де толық ынтымақтасып жұмыс істеуге қабілетті екенімізді қуаттайтын тарихи оқиға болғанына кәміл сенемін»<sup>2</sup>. И. В. Сталин бұл телеграммаға 6 декабрьде жауап қайтарды. «Сіздің Тегеран конференциясы үлкен табыспен өтті және біздің тікелей кездесулеріміздің көп жағынан аса зор маңызы болды дегеніңізге қосыламын,— деп жазды ол.— Біздің халықтарымыздың ортақ жауы — гитлершіл Германия мұны көп ұзамай сезінеді деп үміттенемін. Ендігі жерде біздің халықтарымыздың қазіргі уақытта да, соғыс аяқталғаннан кейін де ынтымақпен бірлесіп қимылдайтынына сенім бар»<sup>3</sup>.

Тегеран конференциясының нәтижелерін, соғыс қимылдары жағдайында болса да, қоғамдық системалары әр түрлі мемлекеттердің ынтымақтастығы принципін практикада қолданудың нақты тәжірибесі деп бағалауға болады. Москва мұндай тәжірибені соғыстан кейінгі кезеңде де таратудың маңызды екенін үнемі атап көрсетумен болды. Сөйтіп, әңгіме келешек бейбітшілік жылдарында мүлдем жаңа сипаттағы, 1917 жылы Совет республикасы әйгілі Бітім туралы декретінде жариялаған

әділетті, демократиялық бітімнің лениндік идеясына негізделген халықаралық қатынастардың қалыптасуы үшін жағдай жасау туралы болды.

Ол кездегі жағдай бұл идеяны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді еді. Енді Тегеран кездесуінен кейін, батыс державаларының бұған дайын екенін ескере отырып, Совет Одағы мен антигитлерлік коалицияға қатысушы капиталистік державалардың қатынастарына бейбіт қатар өмір сүру принципін негіз етуге айтарлықтай нақты мүмкіндік туды.

Осыған байланысты Құрама Штаттар президентінің 1943 жылғы 3 декабрьдің өзінде, яғни АҚШ президенті Иран астанасынан кеткеннен екі-ақ күн кейін Каирден Сталинге жолдаған телеграммасындағы Тегеран кездесуіне берген бағасы назар аударарлық. «Мен біздің кездесуіміздің осынау айтулы күндерін аса зор қанағат сезімімен, адамзат прогресіндегі маңызды кезең ретінде бағалаймын»<sup>4</sup>.

Бұл тек жай ғана дипломатиялық сыпайылық емес-ті. Президенттің жақын досы, «үлкен үштіктің» кездесуінде американ делегациясының құрамында болған Гарри Гопкинс өз жазбаларында Рузвельттің Тегераннан аттанып бара жатып, «соғыстан кейінгі бейбітшілікті сақтау ісінде Россиямен ынтымақтасу»<sup>5</sup> мүмкіндігіне көміл сенгенін растайды.

Ал Черчилльге келетін болсақ, ол тұтас алғанда Тегеран кездесуіне оң баға бергенімен, ол туралы пікірін іркіліңкіреп білдірді. Сталинге жолдаған, Москваға 1944 жылғы 24 январьда келген хатында британ премьері былай деп көрсетті: «Тегераннан өзіммен бірге алып келген, біздің жақсы қатынастарымыздың сезімі мені әжептәуір сергітіп тастады»<sup>6</sup>.

Черчилльдің тартыншақтауының өз себептері бар еді: Тегеранда талқыланған көптеген мәселелер жөнінде ол азшылықта қалды және қадам басқан сайын шегіне отырып, Совет Одағы мен Құрама Штаттар арасында қол жеткен бірсыпыра маңызды уағдаластықтарға амалсыздан қосылуға мәжбүр болды.

Тегеран конференциясы антигитлерлік коалицияның шырқау шегі деп әділ саналады. Ол Батыс Европада екінші майдан ашу сияқты маңызды мәселе бойынша келісілген шешім қабылдап, үш державаның бірлігін нығайтты. Ағылшын-американ әскерлерінің Нормандияға кіретін нақты мерзімін белгілеуге де қол жетті. Сондай-

ак соғыстан кейінгі құрылыс пен бейбіт жағдайдағы ынтымақтастықтың көптеген мәселелері бойынша да шешімдер қабылданды. Совет Одағының, Құрама Штаттардың, Великобританияның ең жоғары басшыларының тікелей байланыстарының да маңызы аз болған жоқ.

Сонымен бірге антигитлерлік коалицияның жетекші үш державасы басшыларының бірінші кездесуі әлеуметтік системалары әр түрлі, дүниеге көзқарасы мен идеологиясы түрлі мемлекеттер кірген әскери одаққа сөзсіз тән қиыншылықтар мен қайшылықтарды ашып берді.

Сол кезде Совет Одағы фашизмді тезірек жоюды басты мақсат ете отырып, баянды бейбітшілік пен жер шарындағы барлық халықтардың дербес дамуы үшін жағдай туғызуға ұмтылса, коалицияға қатысушы батыс державалары ортақ жауды талқандау міндетімен қатар, басқа ерекше мақсаттарды да көздеді. Вашингтонның саясатын дүние жүзінде АҚШ-тың үстемдік жағдайын орнату және әлсіреуге айналған Великобританияның ұстап тұруы барған сайын қиындап бара жатқан аудандарға американдық палың таратуға ұмтылу алдын ала белгілеген еді. Ал Англияның билеуші топтары ең алдымен, барлық қиыншылықтарға қарамастан, Британ империясының позицияларын сақтап қалудың қамын ойлады. Осыдан барып Лондон СССР мен АҚШ-тың жақындасу тенденцияларына кедергі жасауға тырысып бақты, өйткені ағылшын дәстүрі бойынша Британия екі күш орталығының арасында теңгермеленіп, сол екеуінің қайшылықтарын пайдаланып тұра алатын жағдай әрқашан да ең қолайлы жағдай деп саналды.

Осының бәрі, әрине, конференцияның жұмысына әсер етпей қойған жоқ. Мәселен, екінші майдан проблемасын талқылаған кезде Черчилль ең соңғы сәтке дейін қандай да болсын нақты міндеттеме алудан, атап айтқанда, Францияның солтүстігіне ағылшын-американ әскерлерін түсірудің кесімді мерзімін тағайындаудан жалтаруға тырысты. Ол гитлерлік Германиямен жекпе-жек қантөгіс ұрыстар барысында Совет Одағы әлсірейді, ал мұның өзі соғыстан кейін Англияның Европада жетекші роль атқаруына мүмкіндік береді деген үмітпен уақытты әлі де соза түсуге ұмтылды. Британ премьері екінші майдан мәселесі жөнінде неғұрлым сындарлы позицияда болған Рузвельтке үш жыл бойы қысым жасап келді. 1941—1942 жылдарда және 1943 жылдың ноябріне дейін Рузвельт талай мәрте Черчилльдің қысымына көніп, соның

салдарынан Нормандияға әскер түсіру кешіктіріле берді, ал батыс одақтастардың екінші майдан ашу жөніндегі әлденеше уәделері қайта-қайта бұзыла берді. Алайда Рузвельттің Совет Одағымен ынтымақтастықты соғыстан кейінгі дәуірде де жалғастыру концепциясы әскер түсірудің неғұрлым ертерек мерзімін де негізінен теріске шығармаған еді. Сайып келгенде, Тегеранда Рузвельт екінші майдан ашудың дәл күнін белгілеу керек деп есептеді де, Черчилльдің қасарысқанына қарамастан, нақ солай істеді.

Англияның премьер-министрі Польшаның тағдыры туралы мәселені талқылаған кезде де жалғыз қалды. Американдық делегациясының басшысы тұтас алғанда Совет Одағының өзінің батыс шекарасында күшті, демократиялық және достас Польшаның болуын қалайтын тілегіне түсінгендікпен қарады. Ол бұл елдің үкіметі СССР-мен тату көршілікке ұмтылатын болса, ең әрі дегенде Совет Одағына өлердей өшпенділігімен әйгілі адамдардан құралмаса деген тілектен де айыптарлық ештеңе көрген жоқ. Ал оның үстіне Черчилль СССР-ді айналдыра СССР-ге жау елдерден құралатын «санитарлық тосқауыл» дейтінмен қоршап тастау идеясын қолпаштады. Мұндай «санитарлық тосқауылды» 20-жылдардың бас кезінде жас Совет мемлекетін оқшаулау мақсатымен Антанта құрған болатын Черчилль поляк халқына Лондонда бой тасалап отырған және «қуғындағы үкімет» дейтінді құрған ең реакцияшыл саясатшылардан шыққан басшыларды зорлап таңуға тырысып бақты. Британдық дипломатиясы мұнда да өз мақсатына жете алмады.

Европалық державалардың отарлық иеліктерінің, атап айтқанда, Үндіқытай мен Үндістанның келешегі жөнінде Рузвельт пен Сталиннің арасында болған пікір алысулар да Черчилльді қатты алаңдатты. Бұл пікір алысулар британ премьері жоқ кезде Рузвельттің инициативасымен өткізілді, осының өзі-ақ американдардың бұл жөніндегі жағдайды ағылшын әріптестерінің сыртынан ыңғайлап алғысы келгенін дәлелдеді. Вашингтонның Англия мен басқа да метрополиялар ығыстырып, отар территорияларға «қамқорлық» жасау жолымен оларға американдардың енуі үшін жол ашуды көздегені анық еді. Черчилль, күмән жоқ, американдардың бұл әрекетінен хабардар болды және Британ империясының мүддесі үшін аса маңызды бұл мәселеде өзін шетқақты қалдырды деп есептеді.

Осы сәттердің бәрі, сондай-ақ Рузвельттің жеке басының Сталинге деген белгілі бір ілтипаты Черчилльдің зәресін ұшырды, ол мұндай тенденцияның Британ империясы үшін мүмкін болатын нәтижелерінен қорықты. Оны, әсіресе, СССР мен АҚШ жақындасып кетіп, Англияның қатысуынсыз американо-совет уағдаластығына қол жетеді-ау деген ой қатты мазалады. Орасан молшығындарға, қирап, бүлінгеніне қарамастан, Совет Одағы екінші дүние жүзілік соғыстан аса күшті держава болып шығады да, Құрама Штаттармен терезесі теңеледі деп ойлаған Черчилль едәуір әлсіреген Великобритания кейінгі қатарда қалады деп қорықты. Ториердің лидері дүние жүзілік держава ретінде Англияны қайта өркендетудің бірден-бір мүмкіндігі СССР мен АҚШ арасындағы алауыздықты өз мүддесіне пайдалану деп білді. Сондықтан да оның басты қам-қарекеті совет-американоынтымақтастығының соғыстан кейінгі дәуірге жалғасуына жол бермеу болды. Черчилльді позициялар алшақтығын асқындыра түсу өзара сенімсіздікті қайта қоздыру, ал мүмкіндігінше СССР мен АҚШ арасында жанжал туғызу әрекеттеріне итермелеген де осы мақсат еді.

Тегеран конференциясынан кейінгі кезеңде Англияның билеуші топтарының бұл сияқты белсенділігі үнемі байқалып отырды. Бұл белсенділік, Құрама Штаттардағы президент Рузвельттің Совет Одағымен ынтымақтастықты соғыстан кейін де жалғастыру бағытына өршелене қарсы шыққан, совет-американ қатынастарының жағдайын ушықтыру үшін көп әрекет жасаған элементтердің қимылымен үндестік тапты.

Антигитлерлік коалицияның ішіндегі қатынастардың одан әрі дамуына талдау жасаған кезде бұл коалициядағы үш держава басшыларының бірінші кездесуінен кейінгі жағдайдың ерекшелігін ескеру маңызды.

Автор бұл еңбегінде қаралып отырған тарихи дәуірдің — Тегеран конференциясынан Потсдам конференциясына дейінгі кезеңнің — әскери, саяси, дипломатиялық жағдайының сан қырлы жақтары мен қиыншылықтары түгел қамтуға тырысқан жоқ. Алға неғұрлым шектеулі міндет: антифашистік коалицияға қатысушылар арасындағы өзара қатынас үшін ерекше маңызы болған, соның ішінде автордың өзі куә болған жекелеген кезеңдер мен оқиғаларды атап өту, түптеп келгенде соғыс кезіндегі одақтың бұзылуына соқтырған елеулі қайшылықтардың бірте-бірте қалай жиналғанын көрсету міндеті қойылды.



## ТЕГЕРАН ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

### ТАҒЫ ДА МОСКВАДА

Тегераннан қайтып келісімен біз үйреншікті жұмыс ырғағына бірден қосылып кеттік. Сыртқы істер жөніндегі халық комиссарының кеңесші дәрежесіндегі көмекшілері ретінде біздер (В. Н. Павлов пен мен) Халық Комиссарлары Советінің Кремльдегі үйінде В. М. Молотовтың секретариатымен қатар жеке бөлме алдық. Оған бару үшін биік терезелері қар басқан үш бұрышты ішкі аулаға қарайтын коридормен біраз жер жүру керек еді. Қардың ақтығы Иранның қоңыр күзінің сарғылт-жасыл бояуынан соң ерекше ұшқын шашып, жарқырап көрінеді. Ауланың тарлығы сонша, біз қарсы беттегі нақ осындай биік терезелерден майдан картасына үңілген Жоғарғы Бас Қолбасшы Ставкасының офицерлерін ап-анық көретінбіз. Майдандағы жағдай жақсы жүріп жатты, ал барлығымыз Ставканың офицерлеріне сүйінішпен, құштарлықпен, игі қызғаныш сезімімен қарайтынбыз.

Біздің бөлмеде екі стол, бірнеше орындық, кітап қоятын шкаф, революцияға дейін Москва шеберлері жасаған екі үлкен сейф тұрды. Ол кезде радиоқабылдағышты үйде ұстауға рұқсат етпейтін. Соғыс басталысымен олардың бәрін тиісті почта бөлімшелеріне сақтауға тапсырып, бейбітшілік орнаған соң ғана қайтып алуға тиісті болдық. Бізге қабылдағыш жұмыс үшін пайдалы болғандықтан, Павлов 1940 жылдың аяғында Берлиннен өзі әкелген «телефункенді» Сыртқы істер халық комиссариатында сақтайтын болып келісті. Енді ол Кремльдегі біздің бөлмеде тұрды да, біз Би-Би-Си хабарларын тыңдап, ағылшын тілінің идиоматикалық тіркестері мен саяси терминология жөніндегі қорымызды толықтыруға

мүмкіндік алдық. Мұның үстіне Павлов Вебстердің үлкен екі томын тауып әкелді, қолымыз бос минуттарда үнемі соны жаттап, сөздік қорымызды молайтып отырдық. Күндізгі сағат бірге қарай көрші үйге, Кремльдің әскери училищесі курсанттарының асханасына жүгіріп барып, ыстық самсамен шай ішетінбіз (қазір ол үйде СССР Жоғарғы Советінің Президиумы орналасқан).

Біз неміс хабарлары да тыңдайтынбыз. Гитлершілдердің майдандағы жағдайы барған сайын нашарлай берді, бірақ Геббельс насихаты даңғаза мақтаншақтығын қойған жоқ. Дегенмен, барған сайын шаптыға түскен фюрердің сөздерінен-ақ нацистік жоғарғы топта абыржу күшейгенін байқауға болатын.

Біздің жұмысымыз таңертеңгі онда басталып, түннің бір уағында, В. М. Молотовтың үйіне қай уақытта қайтатынына қарай аяқталатын. Түскі тамаққа үзіліс әдетте кешкі бестен жетіге дейін еді, бірақ кезекпен екеуіміздің біреуіміз ұдайы орнымызда болатынбыз, өйткені ойламаған нәрсе кез келген сәтте тууы мүмкін еді.

Мен бұрынғысынша американ референтурасын жүргіздім, сондықтан ол кезде Сыртқы істер халық комиссариатында АҚШ бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған С. Царапкинмен көбірек қызметтес болдым. В. Н. Павлов бұрынғысынша Англиямен қатынасты қадағалап отырды. Ал халық комиссарының бірінші орынбасары А. Я. Вышинский басқалармен қоса АҚШ пен Великобритания бөлімдерін де басқаратын болғандықтан, халық комиссарына одан келіп түскен американ және ағылшын істеріне қатысты қағаздардың бәрі әдетте біздің қолымыздан өтетін, сондықтан біз олардың тиісті түрде әзірленуін, В. М. Молотовқа мәселені шешкен кезде немесе И. В. Сталинге баяндаған кезде керек болуы мүмкін қажетті анықтамалармен және басқа документтермен жабдықталуын қамтамасыз етуге міндетті болдық; әдетте И. В. Сталинге мәселе өте маңызды болса, дереу баяндалатын. Айтпақшы, Совет үкіметінің басшысы ол кезде Құрама Штаттармен және Великобританиямен қатынасқа бірінші дәрежелі маңыз берді және ол елдерге қатысты азды-көпті мәні бар документтердің бәрінің бір-бір данасы оған жіберіліп отырды.

Сыртқы істер халық комиссары арқылы өтіп, бұрыштама қою үшін И. В. Сталинге жіберілген қағаздар әдетте ешқандай белгі қойылмай қайтып оралатын. Тек жоғары сол жақ бұрышында ғана көк қарындашпен қо-

йылған оның аты-жөнінің таныс бас әріптері тұратын. Дегенмен кейде текске түзету, ескертпе енгізілетін, тіпті машинкаға басылған жолдардың үстінен қиғаштап нақ осы документті қалай қайта құрастыру керектігі жөнінде нұсқау жазылатын кездер де болды.

Халық комиссариатының секретариатындағы қызметіміз АҚШ президенті мен Великобритания премьер-министрінен И. В. Сталиннің атына түскен хаттарды, сондай-ақ АҚШ пен Англия елшіліктері тікелей сыртқы істер халық комиссарының атына жолдаған басқа да хаттарды, документтерді, ноталарды, ескерткіш хаттарды тез орыс тіліне аудару еді. Кейде бұл документтер елшіліктерде жасалған орысша тексімен келеді, бірақ көбінесе ағылшын тілінде келетін. Барлық жағдайда да біз өз аудармамызды жасап, түскен қағаздарды тиісті жеріне жіберетінбіз. Совет басшыларының жауаптары орыс тілінде жіберіледі, бірақ жекелеген ерекше жауапты немесе өте шұғыл жағдайларда біз одақтас державалардың елшілеріне қолайлы болу үшін ресми емес аудармасын жасап, орысша тексіне қосып жіберетінбіз.

Қайсыбір кезде хатқа тиісті елші өзінің қысқаша қосымша хатын қосып жіберетін. АҚШ елшісі Аверелл Гарриманнан мұндай хаттар кәдуілгі елші бланкісінде, машинкаға басылып келетін-ді. Ал британ елшісі — біршама көне дәстүрдегі дипломат сэр Арчибалд Кларк Керр, кейіннен лорд Инверчепел — көгілдір қағазға қаздың қауырсынымен, жай көзге көрінбейтін етіп, қолмен жазатын, ал мұндай қолжазбаны ажыратқанша Павловтың біраз еңбектенуіне тура келетін-ді.

Бұған қоса біз халық комиссарының елшілермен және шетелден келген басқа да жоғары дәрежелі адамдармен әңгімесін аударып, Совет үкіметі басшысының аудармашысы қызметін атқаратынбыз, әдетте ағылшындармен кездесу туралы әңгіме болғанда Павловты шақырады да, американдар келгенде — мені шақырады. Біз сондай-ақ әңгімелердің протоколдық жазбасын жүргізіп Лондон мен Вашингтондағы совет елшілері үшін әңгіменің мәні туралы телеграммалардың жобаларын жазатынбыз. Кейде халық комиссары белгілі бір тапсырма беріп, бізді тиісті елшіліктерге жіберіп отыратын.

## АВЕРЕЛЛ ГАРРИМАНДА БОЛҒАНДА

Тегераннан қайтып келген соң, көп ұзамай менің біршама ерекше тапсырмамен елші Гарриманға баруыма тура келді.

Иран астанасында британ премьерінің туған күні атап өтілген кезде Сталин Черчилльге сыйға тартқан орыс ертегілері тақырыбына жасалған фарфор мүсін Рузвельтке қатты ұнаған-ды. Сірә, Сталин президентке де осыған ұқсас бір сый тартуды сол кезде-ақ ұйғарған болуы керек. Москваға қайтып келген соң ол шетелдер мен мәдени байланыстар жөніндегі бүкіл одақтық қоғамның председателі әрі бейнелеу өнерінің білгірі В. С. Кеменовқа лайықты жұмыстарды сұрыптап әкелуді тапсырды, таңдап алынған жұмыстар Кремльге әкелініп, Сталинге көрсетілді. Айтарлықтай үлкен мүсіндік топ таңдап алынды. Құлпырған ашық түсті фарфор палех шеберлерінің өнерін еске түсіретін еді. Сталин бұған қоса өзінің трубка ұстап тұрған атақты портретін әзірлетіп, сыйға тартатынын білдіріп оған: «Менің жауынгер досым — АҚШ президенті Рузвельтке» деген жазу жазды. Осының бәрін — мүсін мен портретті — мен Вашингтонға жөнелту үшін елші Гарриманға апарып беруге тиіс болдым.

Алдын ала телефонмен сөйлесіп, мен уәделі уақытта елшінің Арбат маңындағы резиденциясы «Спасохаузға» бардым. Қартон жәшікке салған мүсін кең «ЗИС—101-дің» артқы орындығында жатқан-ды. Шофер екеуміз оны абайлап қана көтеріп, оқшау үйдің қонақ қабылданатын залына кіргіздік. Есік ашқан қызметші қалың қоңыр қағазға оралған портретті алып, біздің сонымыздан жүрді. Ұзамай Гарриман маған қарай төмен түсті. Ол сыйлықты көруге ниет білдірді де, екеуміз жәшікті аштық. Елші мүсінге қатты сүйсініп, бұл оқиғаны атап өтуді ұсынды. Іле-шала қызметші-қытай поднос алып кіріп мұз салған виски дайындады, біз залдың қар басқан шалғын жаққа қараған дөңгелек бұрышына қойылған аласа шағын стол жанындағы жұмсақ креслоға отырдық. Гарриман портретті қарап (мен сыйға тарту жөніндегі жазуды оған сол жерде аударып бердім), президент бұл сыйлықтарға қатты сүйсінетін болды деді. Ол осынау достық сезімін білдіргені үшін және Тегеранда Черчилльге тартылған сыйға Рузвельттің берген бағасын

қадыр тұтып, осыншалық ізгі ілтипат көрсеткені үшін маршал Сталинге шын жүректен ризалық білдіретінін айтып баруды өтінді.

Бұдан соң Гарриман маршал Сталин мен президент Рузвельттің жуырдағы тікелей кездесуіне өзінің қаншалық зор маңыз беретінін айта бастады.

— Мен,— деп мәлімдеді ол,— Тегеранда қабылданған шешімдер соғыс қимылдарының ойдағыдай өрістеуіне көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге біздің елдеріміздің соғыстан кейін ынтымақтасуына да игі әсер ететініне кәміл сенемін.

Көп ұзамай Рузвельттен сыйлығы үшін И. В. Сталинге алғыс айтқан қысқаша телеграмма келді. Сонымен бірге АҚШ президенті Совет үкіметінің басшысына жұқа металмен көмкерілген, сыйға тартатыны жөнінде жазуы бар, өз портретін жіберіпті.

Совет-американ қатынастарын дамытуда Гарриманның соғыс жылдарында ғана емес, соғыстан кейінгі дәуірде де маңызды роль атқарғаны күмәнсыз. Ол біздің елдеріміздің арасындағы байланыстарды қалыптастырып, нығайта түсуді үнемі жақтап отырды. Біздің елімізде оны білетіндер қашан да болсын лайықты бағалады. Құрама Штаттарда да Гарриманның беделі осындай болды. Сонымен бірге, Гарриман туралы бейбіт совет-американ диалогын дәйекті түрде жақтаушы қайраткер ретінде айтқан кезде, оның американың өмір салты мен капиталистік құрылыстың табанды жақтаушысы екенін, өзінің социализмді ұнатпайтындығын әсте жасырмайтынын естен шығармау керек. Өйткені оның өзі де аса бай семьядан шыққан адам, үнемі есебін тауып, өз байлығын көбейткен үстіне көбейтіп жүрген бизнесмен. Оның Совет Одағымен қалыпты қатынасты дамытуды жақтап келген және бұдан былай да жақтайтын себебі, ол мұндай бағытты өз елінің мүддесіне сай келеді деп есептеді. Соның өзінде ол қашан да болсын «еліне қызмет етуді», яғни өзі де қатарына жататын АҚШ-тың билеуші ақсүйегіне қызмет етуді қандай жағдайда болсын қалтқысыз орындалуға тиіс қоғамдық борышым деп қарады.

Оның жуырда жарық көрген «Черчилль мен Сталинге арнаулы елші. 1941—1946» атты кітабының «Қайткенде қадіріңді арттыруға, қайткенде тұлға атауға болады» деген тарауында Гарриман мынадай оқиғаны еске түсіреді. Ол әуелі республикашыл болып жүріп, 1928 жы-

лы демократтардың жағына шығады. 1933 жылы, бұрын болып көрмеген экономикалық дағдарыстан кейін Франклин Рузвельт президент болған кезде, Гарриман «жаңа бағытқа» ықылас танытып, оны белсенді түрде қолдай бастайды... Әдетте, Уолл-стрит қайраткерлері деп жазады Гарриман, өзі де сол топтың адамы болды, — Рузвельттің жасағысы келгеннің бәрін дерлік гелімен теріске шығаратын. тіпті олар экономиканы қалпына келтіруге байланысты шаралар жөнінде үкіметтің ақылдасу үшін Вашингтонға да бармайтын. Мен оның позициясын түсіне алмадым: себебі елдің жағдайы сұмдық ауыр еді ғой». Осынысы үшін одан бизнесмендері әріптестері теріс айналады. «Мен Уолл-стритпен көшпесті жатқанымда, — деп мойындады Гарриман, — өзімнің ұмыр бойы білетін адамдарым, менің қолымды алу үшін көшенің арғы бетіне шығып кететін»<sup>1</sup>.

Басқа бір жағдай да назар аударарлық 1946 жылы Гарриман АҚШ-тың Великобританиядағы елшісі қызметін атқарады. Ол кезде Вашингтонда Трумэннің үкіметі тұсында Совет Одағымен ынтымақтасу саясатынан бөліне-бірте шегініп, «қырғи қабақ соғыс» бағыты біліне бастаған-ды. Мұндай ағымға сауда министрі, бұрын, Рузвельт тұсында, АҚШ-тың вице-президенті болған Генри Уоллес ашық қарсы шықты. Трумэн Уоллесті отставкадан шығарды да, дереу Лондондағы Гарриманға телефон соғып, жаңа ғана босаған министрдің орнына отыруды ұсынды. Гарриманның өзі атап көрсеткендей, ол Трумэннің ұсынысын «қуана-қуана» қабылдады. Бұл Гарриманның саяси концепциясына өте тән қасиет: ол Вашингтон әкімшілігінің белгілі бір нақты шараларымен әрдайым және барлық жағынан келісе бермегенімен, демократтар Ақ үйді билеп тұрған кезде одан іргесін аулақ салғанды емес.

Кейіннен менің Аверелл Гарриманмен талай рет кездесуіме тура келді. Вашингтонға келген сайын мен кездесуіме зықты да пайдалы әңгіме тыңдап, сұқбаттасып қайтатын үшін Джорджтаундағы қызыл кірпіштен салған, қоңыр түтқалары жарқыраған аппақ қардай биік есігі бар, ошау үйге барамын. Бұл кәнігі дипломаттың Вашингтондағы резиденциясы. Үйді жүзу бассейніне қарай сатылап түсетін саялы парк қоршап тұр. Біз сонда бассейнді көрген көкорай шалғындағы тоқыма креслоларға жайғасып отырып, алыста қалған өмір туралы да, қазіргі проблемалар туралы да, келешектегі перспективалар туралы

да талай-талай әңгіме шертетінбіз. Совет-американ қатынастары туралы мәселедегі өзінің принципті позициясын Гарриман былай баяндайды:

«Совет Одағымен елу жылдай істес болған тәжірибе-ме көз жіберсем, жағдай түбегейлі өзгерістерге ұшырағанымен, өзімнің негізгі пікірім онша өзгере қойған жоқ деп білемін. Мен 1945 жылдағы сияқты, идеология саласында Кремль мен біздің арамызда ешқандай ымыраның үміті жоқ деген пікірде қалып отырмын. Алайда біз осынау кішкене ғана планетада бірге өмір сүру үшін жанжалды жағдайлардың неғұрлым көбірек бөлегін реттеуге жол тауып отыруға тиіспіз...»

Менің осы бір азғантай шегініс жасауды маңызды деп тапқан себебім, бұл, меніңше, осы кітапта айтылатын жылдар ішінде Гарриманның ролі қандай болғанын оқырманның жақсырақ түсінуіне көмектеседі деп ойлаймын. Гарриманның нақты қимылдарымен, оның екінші дүние жүзілік соғыстың аса маңызды оқиғаларының нақты жағдайларына берген бағаларымен танысқан кезде, өзі түсінгеніндей, оның өз табының Құрама Штаттарда үстемдік етіп отырған қоғамдық формацияның мүдделерін және өз елінің мүдделерін қорғаушы ретіндегі көзқарастарын ескермеуге болмайды.

Сонымен бірге Гарриманның көптеген тарихи оқиғаларға тікелей қатысушы ретіндегі айғақтары, әсіресе оның совет-американ қатынастары жөніндегі пікірлері мықтап назар аударарлық. Гарриман біздің елімізге көптеген жылдар бойына ықылас білдіріп келді. Тұңғыш рет ол орыс жеріне сегіз жасар бала күнінде 1899 жылы ата-анасының, оны өздерімен бірге алып шыққан ұзақ саяхаттарының бірінде келген-ді. Ол жолы Гарримандардың семьясы Беринг бұғазының батыс жағалауына шығып, аз уақыт қана аялдаған-ды. Кейін Гарриман Кремльде осы оқиға туралы айтып, ол кезде біздің ешқайсымыздың рұқсат қағазымыз жоқ еді деп қосқанда, Сталиннің:

— Қазір Сіз өйте алмас едіңіз...— дегені бар.

Октябрь революциясынан кейін Гарриман Советтік Россиямен іскерлік байланыс жасамақшы болды. Жаңа экономикалық саясат тұсында оның семьясы Чиатурадағы «Грузин марганецін» концессияға алды да, Гарриман өз концессиясының істеріне байланысты Москва мен Кавказда талай рет болып, көптеген совет басшыларымен кездесіп жүрді.

Өзінің соңғы кітабында Гарриманның мемлекет қайраткері әрі дипломат ретіндегі И. В. Сталинге берген бағасы да назар аударарлық. Реті келгенде, әрине, оның мінезінің белгілі тәріс жақтарын қалт жібермей атап көрсете отырып, сонымен бірге Гарриман Сталиннің «терең білімін, істің егжей-тегжейіне үңіле білетін ғажап қабілетін, алғыр ойын, адам мінезін мейлінше жетік білетінін...» мойындайды. «Мен оны Рузвельттен гөрі жақсырақ хабардар, Черчилльден гөрі реалист, белгілі мағынада әскери лидерлердің ішіндегі ең пәрмендісі деп білдім»<sup>2</sup>.

### ЭЙЗЕНХАУЭРДІҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

1943 жылғы декабрьде-ақ одақтастар Тегеран шешімдерін іске асыру жөнінде кейбір практикалық қадамдар жасады.

7 декабрьде Аверелл Гарриман президент Рузвельттің телеграммасын тапсыру үшін В. М. Молотовқа келді. Гарриманның жанына аудармашы ретінде Ч. Болен ертіп келді, совет жағынан бұл қызметті мен атқардым. Президенттің телеграммасы қысқа екен, бірақ маңызды хабар жеткізді. Онда «Каналдан жедел өту жөніндегі операцияның қолбасшысы етіп дереу генерал Эйзенхауэр тағайындау ұйғарылды»<sup>3</sup> делінген.

Елші Сталиннің пікірін тезірек білгісі келді, өйткені американдар, Сталин генерал Маршаллды жақсы біледі, сондықтан Москвадағылар соны қалайды, деп есептейтін. Молотов телеграмманың мазмұнымен танысқаннан кейін, Гарриман:

— Бұл жөнінде маршал Сталиннің пікірін қалай тезірек білуімізге болар екен?— деп сұрады.

— Мен қазір-ақ оған телефон соғайын,— деді Молотов ықылас білдіріп.

Ол бәріміз отырған ұзын стол жанынан тұрып, телефон қойылған шағын столға барды да, Сталиннің кабинетімен тікелей жалғасатын жасыл аппараттың алдына сәл тоқтап барып, номерді алды.

— Б... б... бөліп жіберген жоқпын ба?— ол толқыға кезде жайшылықтағыдан гөрі көбірек тұтығатын, а Сталинмен сөйлесу, екеуі бір-бірін әлденеше ондаға



жылдардан бері жақын білсе де, әрдайым толқытып, тебіrentетін.

— Гарриман мырза қазір менде отыр, президенттің Сізге жолдаған телеграммасын әкеліңіз. Солтүстік Францияға әскер түсіру жөніндегі операцияның қолбасшысы болып генерал Эйзенхауэр тағайындалыпты...

Ол Сталинді тыңдағанда трубканы қатты қысып тұрды.

— Түсінікті,— деді Молотов, содан соң телефон желісінің арғы жағында трубканы орнына қойған дыбыс естілгенше күтіп тұрды да, трубканы жайымен қойып, ұзын столға қайтып келді.

— Маршал Сталин,— деді ол америка елшісіне бұрылып,— бұл шешімге қанағаттанды. Ол Эйзенхауэрді тәжірибелі генерал, әсіресе десантты операциялар кезінде ірі күштерді басқару мәселелерін өте-өте жақсы біледі деп есептейді.

Гарриман риза болып қалды. Сірә, ол қолбасшының тағайындалғаны туралы хабарлағанына қуанышты болса керек, өйткені бұл осыған дейінгі сан рет қайталанған созбұйдадан соң, ақырында батыс одақтастардың екінші майдан ашуды шындап қолға алғанын растады.

Бұл мәселе Тегеранда талқыланған кезде және Англия мен АҚШ-тың өкілдері де әскер түсіруге дайындық қызу қарқынмен жүріп жатыр деп сендіруге тырысқанда, Сталин күтпеген жерден, бұл операцияға қолбасшы тағайындалды ма, деп сұрады. Қолбасшы тағайындалмаған болып шықты.

— Онда,— деді Сталин,—«Оверлорд» операциясынан түк те шықпайды.

Осы бір ескертпе бүкіл жағдайдың астарын жарқыратып жайып салғандай болды. Қолбасшы болмаған соң, одақтастардың Солтүстік Францияға әскер түсіруге әзір екендігі туралы мәлімдемесінің ең бері дегенде дүдамал екені ап-айқын еді. Тегеранда бұл мәселе шешілмеген күйінде қалды. Бірақ Рузвельт пен Черчилль көп ұзамай лайықты кандидатура тағайындауға уәде берді. Енді, сол мәселе шешіліп отыр.

Эйзенхауэрдің бұл тағайындалуы оның мансап биігіне одан әрі көтерілуіне, кейін оның Ақ үйге кіруіне жол ашты.

7 декабрьде Кремльге Рузвельт пен Черчилль қол қойған тағы бір құпия хат келіп түсті. Онда Батыс Европада ағылшын-американ операциясын, гитлерлік

Германияға қарсы басқа да операцияларды әзірлеу байланысты бірсыпыра шаралар қозғалды. Германияның әскери, экономикалық, өнеркәсіп жүйесіне іріткі салу, Германияның әскери-әуе күштерін жою, сөйтіп Л. Манштан жедел өту жөніндегі операцияға әзірлену маңысында, делінген хатта, Германияны бомбалау шабуылына мейлінше стратегиялық маңыз беріледі. Одан өзге хатта Тегерандағы уағдаласуға сәйкес, Солтүстік Франциядағы операцияларға керекті десант құралдарын күшейтуге мүмкіндік жасау үшін Бенгал шығанағында мартта жүргізілмекші болып жоспарланған операциялардың көлемі қысқартылғаны айтылған. Сондай-ақ ағда тұрған операцияны күшейту үшін Америка Құрама Штаттары мен Великобританияда десант құралдарын өндіруді ұлғайту ниеттері туралы хабарланған.

Совет жағынан бұл хабар үшін алғыс айтылды. И. В. Сталин Рузвельтке хат жазып, генерал Эйзенхауэрдің тағайындалуын құптайтынын айтты, оның «алда тұрған шешуші операцияларды әзірлеу және жүзеге асыру ісінде табысқа жетуіне»<sup>4</sup> тілек білдірді.

Сөйтіп, батыс одақтастар ақыры Солтүстік Францияға басып кіруге шындап әзірлене бастады.

Ал Совет Одағына келетін болсақ, ол Тегеран шешімдерін жүзеге асыруға майдандағы практикалық істерімен өз үлесін қоса берді. Гитлершілдердің кескілеске қарсылығына қарамастан, совет әскерлері батысқа қарай тынбастан ілгерілей берді, жаңа территорияларды басқыншылардан босатып, Отанымыздың мемлекеттік шекарасына тоқтаусыз жақындай түсті. Әсіресе Украина мен майданның солтүстік-батыс учаскелеріндегі операциялар өте сәтті жүріп жатты.

Қызыл Армияның жеңістерін батыс одақтастар да мойындады. 1944 жылғы 18 апрельде Совет үкіметінің басшысына бірлесіп жолдаған хатында Рузвельт пен Черчилль былай деп атап көрсетті: «Тегераннан бері сіздің армияларыңыз ортақ ісіміз үшін бірсыпыра тамаша жеңістерге жетті. Тіпті Сіз онша белсенді қимыл жасамайды деп ойлаған айдың өзінде де олар осындай ұлы жеңістерге жетті. Біз Сізге ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз және сіз бен біздің армияларымыз, біздің Тегерандағы келісімімізге сәйкес ынтымақпен қимылдап отырып, гитлершілдерді күйрететініне сенеміз». Сол хатта АҚШ пен Англия басшылары Тегеран уағдаластығына сәйкес «теңіз арқылы өту» келісілген уақытта баста

лады және «барынша көп күшпен» жүргізіледі деп хабарлады. Сонымен бірге «барынша көп күшпен Италия құрылығына шабуыл жасау»<sup>5</sup> белгіленді.

Бұл хабарға Совет үкіметінің басшысы 22 апрельде Вашингтон мен Лондонға бір уақытта жолданған телеграммамен жауап қайырды. Онда былай делінді: «Совет Үкіметі Сіздердің Тегеран келісіміне сәйкес теңіз арқылы өту белгіленген мерзімде жүзеге асырылады... және Сіздердің барынша көп күшпен қимылдаймыз деген хабарларыңызға қанағаттанды. Белгіленген операцияның табысты болатынына сенім білдіремін.

Мен сондай-ақ Сіздердің Италияда жүргізгелі отырған операцияларыңыз да ойдағыдай өтеді деп үміттенемін.

Біздің Тегеранда уағдаласқанымыздай, ағылшып-американ операцияларына барынша көбірек қолдау көрсету үшін, сол мерзімге қарай Қызыл Армия өзінің жаңа шабуылын бастайды»<sup>6</sup>.

Сонымен, Тегеран шешімдерін орындаудың бастамасы жаман болған жоқ. Бірақ көбіне Лондон саясатшыларының астыртын айла-шарғыларынан туған елеулі қиыншылықтар да кездесті. «Үлкен үштіктің» кездесуінен кейінгі айларда Тегеран шешімдерімен амалсыздан келіскен британ премьері қол жеткен уағдаластықтың жүзеге асырылуын қиындатуға, тіпті оларды орындаудан мүлдем жалтаруға тырысып, зымиян әрекеттер жасағанын қоймады. Тіпті одан әрі созуға батыс одақтастардың сылтауы әбден түгесілгендей болған екінші майдан ашудың мерзімі сияқты түбегейлі мәселе жөнінде де Черчилль, Тегераннан кеткеннен кейін күдікті кикілжің туғызудан қымсынбады.

#### ЧЕРЧИЛЛЬДІҢ АСТЫРТЫН АЙЛА-ШАРҒЫЛАРЫ

Тегераннан еліне қайтқанда жол-жөнекей Каирда болған кезінде Черчилль өкпесі қабынып ауырып, бірнеше апта төсек гартып жатып қалды. Сонан соң оны одан әрі сауықтыра түсу үшін Маракешке жөнелтті. Бірақ төсек тартып жатқанда да премьер-министр үш лидер жуырда ғана бірлесіп қабылдаған шешімдерді орындауға кедергі жасау әрекетін еш бәсеңдеткен жоқ. Кейін өз мемуарларында Черчилль Солтүстік Францияда екінші

майдан ашу туралы уағдаластыққа қол жеткенімен, басым бұрынғыша — «түбінде Люблян өткелі арқылы Венаға жету мақсатымен әуелі Италиядан бастап, Истрия мен Триест арқылы» ілгерілеуді «әлдеқайда көбірек қолайлайтынмын»<sup>7</sup> деп жазды. Басқа сөзбен айтқанда, 1943 жылғы декабрьдің өзінде де Черчилль Австрия мен Балқан арқылы совет армияларының жолын кесіп, Солтүстік-Шығыс Еуропаға шығу жоспарынан әлі бас тартқан жоқ еді. Ол гитлершілдер бұл аймақтан өздерінің ығыстыруға оңай көнеді, оларды Батыс Еуропада ешқандай мазаламайды да, бар күшін шабуылдап келе жатқан Қызыл Армияға қарсы қоя алады деп үміттенді.

Сол кезде-ақ Черчилль батыс одақтастардың қайсы бір қимылының саяси нәтижелерінің түрлі нұсқаларын ойластырумен болды. Соның бәрін ол ешқандай өзара міндеттемелер, соның ішінде әбден нақты міндеттемелер алынбағандай және табиғатында мүлде болмаған сияқты жасап отырды.

Бұл жөніндегі өз ойын ол біршама көмескі тұжырымдады: «Мәселенің саяси жақтары неғұрлым алыс әрі қайшылықты болып көрінді. Олардың алда тұрған ұзақ шайқастардың нәтижелеріне, сондай-ақ одақтастардың әрқайсысының жеңіске жеткеннен кейінгі ниеті мен шешіміне байланысты болатыны өзінен-өзі түсінікті. Егер батыс демократиялары Тегеранның өзінде-ақ өз жоспарларын орыстардың жеңіс сәтіндегі позициясына сезікпен қарауға негіздеп құрған болса, ол дұрыс болып шықпа еді»<sup>8</sup>. Демек, Тегеранда емес. Ал сосын, кейініректе шешімді.

Тіпті одақтастар арасындағы қатынастардың ол кезеңінде де Черчилль, Совет Одағы жөнінде кінә қою ешқандай нақты сылтауы болмаса да, бұрынғысынша өзінің біздің елге деген ежелгі өшпенділігін басшылыққа алды. Ол Рузвельтке, ағылшын-американ әскерлерін Солтүстік Францияға түсірілуін іске асырмай тастау сөзсіз әкеліп соғатын ұсыныстар жасады.

Сонау Каирде-ақ Черчилль президентке телеграмма жолдап, десант құралдарын Балқанға қарай ілгерілету мақсатында Эгей теңізі мен Родос аралы ауданын пайдалану үшін «Оверлорд» операциясын (Солтүстік Францияға әскер түсіру жөніндегі операцияның жасарын аты) үш немесе төрт аптаға шегеруді ұсынды. Черчилль Рузвельттің жауабын асыға күтті. Тек Маракешке ғана 28 декабрьде одан жауап телеграмма алды, онда былай деп атап көрсетілген: «Тегеранда қол жеткен с

вет-британ-американ келісіміне орай, мен, Сталиннің санкциясынсыз, күштерді немесе жабдықтарды қандай да бір басқа жерде қайтіп болса да пайдалануға келісім бере алмаймын, өйткені мұның өзі «Оверлорд» немесе «Энвил» операцияларын кешіктіруі не оларға нұқсан келтіруі мүмкін»<sup>9</sup>.

Вашингтонның позициясы Черчилльге оншалық ұнаған жоқ деп топшылауға болады. Президент әскер түсірудің мерзімі жөнінде Тегеранда қол жеткен уағдаластықты қатаң сақтады. Дегенмен де британ премьері құралақан қалған жоқ. Американдар десант кемелерінің едәуір бөлегін Жерорта теңізінде ұстауға келісті. Бұл Эгей теңізіндегі операцияларды өрістетуге мүмкіндік ашты.

Келесі күні, 29 декабрьде, Черчилль өз штабының бастықтарына сәйкес соншама зымияндықпен жазылған мынадай хат жіберді:

«Мен бұл проблема жөніндегі («Оверлордтың» мерзімі туралы. В. Б.) күресті бүтіндей Тегеран негізінде жүргіземін. Бұл шешім 5 майдан гөрі, 20 майды көбірек мегзейді, мұның өзі, шын мәнінде, жаңа мерзім болып табылады. Біздің Сталинмен уағдамыз қалай болғанда да, тіпті 31 майға дейін кешіктірген күннің өзінде де орындалады. Менің Эйзенхауэрден естігендеріме қарағанда, мен Айдың толысуына дәп келетін 3 июнь, әсіресе ол жөнінде бұл операцияны орындау үшін тағайындалған қолбасшылар өтінетін болса, әбден мүмкін мерзім деп ойлаймын. Қазір бұл мәселені талқылаудың қажеті жоқ, бірақ бұны есте ұстау керек. Маған тиісінше 5 майға және 3 июньге балама жоспарлар түсіріңдер. Қайталап айтамын, бұл кешеуілдету мағынасында айтысуға жататын мәселе деп қаралмайды және мұның бәрі біздің өз арамыздан сыртқа шықпауға тиіс»<sup>10</sup>.

Нақ сол күні Черчилль штаб бастықтарынан өзі қалағандай жауап хат алды:

«Оверлордтың» қазіргі қолбасшылары әзірлеген жоспардың шарттарын орындау үшін әскер түсіру 5 май шамасында іске асырылуға тиіс,— деп көрсетті хат авторлары.— Алайда мұны түпкілікті дата деп қарауға болмайды. Тіпті десант кемелері кешіккендей болған күннің өзінде де бұл «Оверлордты» іске асыру үшін майдағы басқа бір мерзімді жоққа шығармауға тиіс... Бірақ программа шынында да тым қауырт. Сондықтан Тегеранда қол жеткен келісімді ешқандай да бұзғандық болмай-

тын тәрізді және біз қазіргі кезеңде орыстармен ақ дасуды қажет деп ойлаймыз»<sup>11</sup>.

Шын мәнінде, әңгіме екінші майданды одан әрі ійінге қалдыру туралы болғанын көріп отырмыз. Алайда Черчилль мұны Москваға ештеңе білдірместен және Вашингтонмен тек көз болу үшін ақылдасып қана, ақ түрде жүзеге асырмақшы болды. Ол одақтастарды жүзеге асқан фактінің алдына қойсам деп ойлады. Черчилль өз ойынына британ бас штабындағыларды тәуір қасын-ақ сәті түсетініне кәміл сене бастады.

16 апрельде, Нормандияға әскер түсірудің Тегерап келісілген мерзімі мүлдем таяу қалғанда, премьер-министр «Оверлорд» пен «Энвилді» әзірлеу туралы қауап берме де кірместен генерал Маршаллды Италиядағы шабуылды үдетуге шақырды. Черчилль бұл шабуыл «не жаппай жеңіске, не жаппай апатқа» айналдыру керек деп леуенді. Сол кезеңде Черчилль гитлершілдердің Римге шабуыл жасаған ағылшын-американ әскерлеріне орын қарсыласып жатқанын айтып, талай рет жыламсақтанды. Ол, сірә, герман командованияесі батыс одақтастардың Италияда әлдеқайда жылдамырақ ілгерілеуіне, сондай-ақ олардың шабуылы бара-бара совет әскеріне жеткенге дейін Балқанды да қамтуына «мүмкіндік бар» дегенге тиіс еді деп ойласа керек.

«31 майға қарай,— деп жазды Черчилль күнделіктің бірінде,— әзірге бізден жасырын тұрған көп нәрсенің құпия болуымыз әбден ықтимал. Егер біз бұл мүмкіндікті пайдаланбай қалсақ, мен қатты қапа болар едім»<sup>12</sup>.

Алайда ондай «мүмкіндікке» уақыт қалған жоқ. Совет әскерлері алға қарай жойқын күшпен ілгерілеті. Оңтүстікте Севастополь мен Одесса азат етілді, Қызыл Армия Румыниямен шекараға шығып, Германияға жақындай түсті. Оның территориясына совет әскерлерінің бірінші болып кіру перспективасы барған сайын айқындала түсті. Батыс державалары тәуекелге бара алмай ақырында, Батыс Европада неғұрлым белсенді қимыл жасауға тиіс болды. Әйтпесе олар гитлерлік рейхті жақындап қалған күйреу сәтіне үлгіре алмай қалуы мүмкін еді. Лондон мен Вашингтонның басып кіруі әзірлікпен шындап шұғылдануына тура келді. 14 маусымда Рузвельт пен Черчилль Сталинге былай деп хабарлады: «Солтүстік Францияға теңіз арқылы шабуыл жасау барынша көбірек күш беру үшін біз десанттық күр

дарымыздың бір бөлігін Жерорта теңізінен Англияға көшірдік... Солтүстік Франция мен шығыс майданнан герман күштерін неғұрлым көп мөлшерде бұрып әкету үшін біз дереу Италиядағы немістерге қарсы барынша кең көлемде шабуылға шығамыз және сонымен бір мезгілде Францияның Жерорта теңізі жағалауына төндірілген қатерді қолдаймыз»<sup>13</sup>.

Совет тарапынан да гитлершіл әскерлерге қарсы кезекті шабуыл әзірлеуге шаралар қолданылды. 26 майда Совет Үкіметінің басшысы Великобританияның премьер-министріне совет командованияесі жана ірі операцияларға мықтап әзірлік жүргізіп жатқандығы туралы хабарлады.

Июньнің басында ағылшын-американ әскерлері Римге кірді. 6 июньде көп күттірген «Оверлордты» жүзеге асыру басталды. Бұл операцияға әлі де саботаж жасау үшін нақ сол сәтте ештеңе істей алмайтынын түсінген Черчилль сол күні-ақ ертеңгісін Сталинге былай деп жазды: «Бәрі де жақсы басталды. Миналар, тосқауылдар мен жағалау батареялары айтарлықтай дәрежеде жойылды. Әуе десанттары мейлінше ойдағыдай түсірілді және кең көлемде жүзеге асырылды. Жаяу әскер түсіру тез өрістетілуде, аса көп танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректер қазірдің өзінде жағалауда тұр.

Ауа райы жаман емес, жақсаратын сыңайы бар»<sup>14</sup>.

Сталин дереу жауап қайтарды:

«Сіздің «Оверлорд» операциясының табысты басталуы туралы хабарыңызды алдым. Бұл хабар біздің бәрімізді қуанытып, одан әрі табысты болатындығына біршама үміттендіріп отыр.

Тегеран конференциясындағы уағда бойынша ұйымдастырылған совет әскерлерінің жазғы шабуылы июньнің орта шенінде майданның маңызды учаскелерінің бірінде басталады...

Шабуыл операцияларының барысы туралы Сізге уақтылы хабарлап отыруға уәде беремін»<sup>15</sup>.

Сөйтіп, Батыс Европада екінші майдан ақыры пайда болды. Антигитлерлік коалицияның үш державасы бірлесіп қабылдаған аса маңызды шешімдердің бірі іс жүзінде белгіленген мерзімінде орындалған болып шықты. Мұның өзі соғыстың тезірек аяқталатынына сенім туғызды және сонымен қатар соғыс қимылдары ұзаққа созылып, фашистік күштермен жекпе-жекте Совет Одағы әбден титықтайды деп шамалағандарды есебінен жа-

ңылдырды. Екі майданда бірдей соғысудың сұр сұмдығы гитлерлік Германия үшін шындыққа айна «Балқан вариантын» іске асырсам деген Черчилль үміті де үзілді. Оның шегінуіне тура келді, бірақ о геранның басқа шешімдеріне кедергі жасауды бұрыдан да өршеленіп қолға алды.

### ИТАЛЬЯН ФЛОТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Черчилль өз мемуарларында, Тегеран кездесуіне йін оны итальян флотын бөлісу туралы мәселе к мазалағандығын атап көрсетеді. Бұл проблема «ү үштіктің» кездесуінде талқыланған кезде ағылшын рикандар қолға түсірген итальян флоты үш держав арасында бөліске түседі деген ортақ түсінік болға оның үстіне Рузвельт Сталинмен әңгімелерінің бі Совет Одағы бұл кемелердің үштен бірін аламын есептеуіне болады деп ескерткен болатын. Сондай-а мелер совет жағына 1944 жылғы январьдың аяғ кешіктірмей беріледі деген келісімге қол жеткен-ді. Түркия олжаға түскен итальян кемелерін Қара те өткізуден бас тартса, кемелер солтүстіктегі совет тарына жеткізілетін болған.

Черчилль өзінің кәдімгі бейнелеп айтатын әдіс «бұл өзі өте сақ болатын мәселе, бұл жерде тышқа ойнаған мысықтай қимыл жасау керек»<sup>16</sup> деп қана ды. Сырқатына байланысты Каирда кідірген Черч істі қайткенде кері кетірудің, тіпті, қол жеткен у ластықты орындаудан сыпайы бір сылтаумен мүлд тартудың амалын ойластырды.

Негізгі қиындықты ол Рузвельттің аузынан ш қалған «үштен бірі»<sup>17</sup> деген сөзде деп білді.

Итальян кемелерінің бір бөлігін СССР-ге беру лы мәселе тұңғыш рет үш сыртқы істер министр 1943 жылғы октябрьдегі Москва конференциясында терілген еді. Әңгіме, нақты алғанда, бір линкор крейсер, сегіз миноносец, төрт сүңгуір қайық, сонда жалпы сыйымдылығы 40 мың тонналық сауда кем туралы болған-ды. Ал «үштен бірі» бұл айтылғанда әлдеқайда көп болып шығады. Осы жағы Черчил өте қатты ызаландырды.